КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

15 маусым 2023 жыл № 3115-23-00-2/1062 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Е.А.Қалымханов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Нұрбану Тұрарбекқызы Омароваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрбану Тұрарбекқызы Омаровадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндіріліп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Е.А. Калымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 15.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Калымханов Е. А., 25.07.2023

3115-23-3-1/1327